

Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «ІТ мектеп-лицей»КММ

Топ: Мектепалды даярлық 0 «А»

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 27.02 – 03.03. 2022-2023 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)


Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 27.02	Сейсенбі 28.02	Сәрсенбі 01.03	Бейсенбі 02.03	Жұма 03.03
Балаларды қабылдау	Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме, баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс				
	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын әрекеті(үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.); Үстел үсті ойындары: «Үйдің есігін жабайық» Мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажырата алу. Әдістемелік нұсқаулар: қағаздан жасалған есіктері жоқ үйлерге сәйкесінше түсіне қарап есігін табу.	Жапсыру– шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті Үстел үсті ойындары: «Жылан» Мақсаты: Жорғалаған жыланға сипаттама бере отырып таныстыру. Жыланның тіршілігі, қозғалуы туралы ұғым қалыптастыру. Табиғаттағы тіршілік иелеріне деген қызығушылығын оята отырып қамқор болуға тәрбиелеу. Алақанмен илеп бөліктерге бөліп, қоса білу. Ермексаздың өзіндік ерекшеліктерімен	Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі(іс әрекет арқылы қимылды ойын) Сәйкестендіру ойыны: «Ою құрастыру» Мақсаты: ою элементтерін біліп, оларды атауға үйрету. Әдістемелік нұсқаулар: Балалар бірнеше бөліктерден тұратын оюларды құрастырады, атын атайды, ұқсас оюларды топтастырады.	Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті Сәйкестендіру ойыны: Ойын жаттығу: «Кім дұрыс киінеді?» Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ойын шарттары: серуенге дайындық, серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстарын құрастыру, сәйкестік табу арқылы түсіндіру. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.	Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет Сәйкестендіру ойыны: «Суреттің жалғасын тап» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Әдістемелік нұсқаулар: Балалар үстелдің үстіндегі суреттердің екінші жартысын табады, затты атайды. Ұқсас заттарды топтастырады.



таныстыру, тегістеу, тарту, әдіс бойынша жаттықтыру ұсақ қол моторикасын дамыту.

Әдістемелік нұсқаулар:
Ойынға балалардың барлығы қатысады. Олар бір-бірінің белдерінен ұстап жылан сияқты ирелең дейді, бірде тоқтап орнында қалуы тиіс.

Ықтимал күрделендірулер:
Жыланға ұқсап жүру. Өз ойларын еркін жеткізу. Жыланның қалай ысқыратынын еске түсіру.
Ойынның нұсқаулары:



Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты						
ҰІӨ		27.02.23 Дүйсенбі	28.02.23 Сейсенбі	01.32.23 Сәрсенбі	02.03.23 Бейсенбі	03.03.23 Жұма
		Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Дене шынықтыру	Сауат ашу негіздері Қоршаған ортамен танысу Мүсіндеу Музыка	Математика негіздері Көркем әдебиет Сауат ашу негіздері Дене шынықтыру	Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Музыка	Сауат ашу негіздері Көркем әдебиет Қоршаған ортамен танысу Дене шынықтыру
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер						
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті						
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӨ	1.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері Тақырыбы: Ұзын – қысқа, биік – аласа, кең – тар, қалың – жұқа. ҰІӨ мақсаты: Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу ұсақ қол	1. Сауат ашу негіздері– коммуникативтік,таным-дық әрекет Тақырыбы: Біз сөйлем құрай аламыз. ҰІӨ мақсаты: сөйлем құрауды үйретуді жалғастыру. Сөйлем құрау, дыбыстық талдау жасау іскерліктерін қалыптастыру. Дағды: Сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөйлем құрайды, сөздерге дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: сөйлемдегі	1.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері Тақырыбы: Ұзын – қысқа, биік – аласа, кең – тар, қалың – жұқа. ҰІӨ мақсаты: Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу ұсақ қол	1.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері Тақырыбы: Тең заттар. ҰІӨ мақсаты: Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу ұсақ қол моторикасын дамыту. Дағды: шартты өлшемнің	1. Сауат ашу негіздері– коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Дыбыстық талдау. ҰІӨ мақсаты: төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды дамыту. Дағды: Сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: суретке қарап сөйлем құрайды, ауызша буынға бөледі, жасырын аңдарды іздейді. Түсінеді: сөйлемнің	

	моторикасын дамыту. Дағды: шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: Менгереді: заттың ұзындығын өлшейді; «ұзынырақ», «қысқарырақ», «өлшем», жоғары - төмен, жуан - жіңішке (тар - кең), сөздерін айтуды; Түсінеді: өлшемнің көмегімен ұзындықты (енді, биіктікті) қалай өлшеу керектігін; Менгереді: ұзындықты бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы, өлшемнің көмегімен салыстыру білігін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Өздерінің салыстыру тәсілдерін ұсынады. Балалар мойынорағыштардың ұзындығын өлшеу бойынша практикалық жұмыс. Түсіну: Ойын жаттығуы: «Кім биік, аласа немесе тең» - Балалар, кімнің бойы биік, кімнің бойы аласа, кімнің бойы бірдей екенін қалай білесіңдер? Топтың жартысына жұптасып тұруды ұсынады. Топтың екінші жартысы жұптарды салыстырады; одан кейін балалар орын алмастырады. Сұрақтарға жауап береді, бір-бірімізге жақын немесе бір-бірімізге арқамызды	сөздердің белгілі бір ретпен тұратынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады, буынға бөледі. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: «Артығын тап» ойынын ойнату. 1.Қыс, көктем, жаз, күз, үз. (үз) 2.Жел, жаңбыр, қар, боран, қуыршақ, бұршақ. (<i>қуыршақ</i>) 3.Шаңғы, коньки, шана, ана. (<i>ана</i>) 4.Әке, ана, ата, әже, аға, таға. (<i>таға</i>) 5.Таңқурай, құлпынай, бүлдірген, күлдірген. (<i>күлдірген</i>) Қолдану: Дидактикалық жаттығуы: «Сөзді аяқта» Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын сендер соңғы буынды қосып сөзді аяқтап қайтадан айтасындар. Мысалы: аққа...ла, ба...ла, ба...нан, бан...тик, асқа...бақ, сә...біз, домбы...ра, қам...шы, балмұз...дақ, аялда...ма, дәріха...на, емха...на, балабақ...ша, бағдар...шам, қалам...сап, қыза...нақ, бұл...ақ, көзілді...рік, тоңазт...қыш, тер...ек, ша...тыр, ал...қа, апель...син, ау...ыл, ас...пан, қарын...дас, кер...ует, қа...зан, шаныш...қы, ба...лық, қал...қан, қаң...бақ, қа...мыр, шал...бар, кі...лем, жү...рек, жүге...рі, жүл...дыз. Білу: Жаз сөзінің дыбыстық талдауы. <i>Жаз</i> – 1 буын, 3 дыбыс. <i>Ж</i> – ұяң дауыссыз дыбыс, көк	моторикасын дамыту. Дағды: шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: Менгереді: заттың ұзындығын өлшейді; «ұзынырақ», «қысқарырақ», «өлшем», жоғары - төмен, жуан - жіңішке (тар - кең), сөздерін айтуды; Түсінеді: өлшемнің көмегімен ұзындықты (енді, биіктікті) қалай өлшеу керектігін; Менгереді: ұзындықты бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы, өлшемнің көмегімен салыстыру білігін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Өздерінің салыстыру тәсілдерін ұсынады. Балалар мойынорағыштардың ұзындығын өлшеу бойынша практикалық жұмыс. Түсіну: Ойын жаттығуы: «Кім биік, аласа немесе тең» - Балалар, кімнің бойы биік, кімнің бойы аласа, кімнің бойы бірдей екенін қалай білесіңдер? Топтың жартысына жұптасып тұруды ұсынады. Топтың екінші жартысы жұптарды салыстырады; одан кейін балалар орын алмастырады. Сұрақтарға жауап береді, бір-бірімізге жақын немесе бір-бірімізге арқамызды	көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: Менгереді: заттың ұзындығын өлшейді; «ұзынырақ», «қысқарырақ», «өлшем», жоғары - төмен, жуан - жіңішке (тар - кең), сөздерін айтуды; Түсінеді: өлшемнің көмегімен ұзындықты (енді, биіктікті) қалай өлшеу керектігін; Менгереді: ұзындықты бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы, өлшемнің көмегімен салыстыру білігін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Өздерінің салыстыру тәсілдерін ұсынады. Балалар мойынорағыштардың ұзындығын өлшеу бойынша практикалық жұмыс. «Тең заттар» ұғымымен таныстыру. Педагог ұзындығы мен ені тең жолақтарды әр қолына ұстап, балаларға көрсетеді. -Қай жолақ ұзынырақ? Қалай тексеруге болады? Балалар талқылайды, өлшеу жолдарын ұсынады. Педагог жолақтарды бір-бірінің үстіне салып, сәйкес екенін көрсетеді. -Жолақтар туралы не айтуға болады? (жолақтардың ұзындығы тең) Түсіну: Ойын жаттығуы: «Кім биік, аласа немесе тең»	аяқталған ойды білдіретінін түсінеді. Қолданады: сөйлемнің сызбаны, дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Ой қозғау: «Қарама-қарсы сөздер» ойынын балалармен ұйымдастырады. 1.Артында – ... (<i>алдында</i>) 2.Жақында – ... (<i>алыста</i>) 3.Аласа – ... (<i>биік</i>) 4.Ашық – ... (<i>жабық</i>) 5.Үлкен – ... (<i>кіші</i>) Түсіну: Дидактикалық жаттығуы: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос» – Мен сендерге сөздер айтамын сендер сол сөзге мағынасымен байланысты дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтасындар. Мысалы: <i>жылы... (шұлық), тәтті... (банан), қатты... (көмір), жасыл... (шөп), қар..., (пима), дәмді... (жүзім), сұйық... (тамақ), қара... (тон), қорқақ... (қоян), қу... (түлкі), сүйкімді... (мысық), пысық... (қыз), ұзын... (бала), ақылды... (қыз), момын... (қой), ұзын... (моншақ), сары... (шаш), дәмді... (шай), тәтті... (торт), жасыл... (қияр), ұзын... (бантик)</i> т.б. Қолдану: Дидактикалық жаттығуы: «Сөз жина, тез жина» – Мен сендерге
--	--	--	--	---	---

	тақап тұрамыз. Білу: демонстрациялық материалмен жұмыс - Қай ағаштың ең биік екенін қалай анықтауға болады? Ең төмен? Көз арқылы анықтау, балалар қайың - ең биік ағаш деп атайды. Мүмкін біз қателескен болармыз? Қалай тексереміз? Біз қандай шартты өлшемді аламыз? Жолақ - таяқшаны ұсынады. Қай ағаштың биік екенін салыстыру үшін, балалармен бірге осындай таяқтарды бүкіл биіктікте орналастырады. Балалар әр ағаштың астына саны бар карточка қояды. Балалар ең көп санды табады. Осы ағаш ең биік болады. Енді ең төмен ағашты табыңыз. Математикалық поэзия сәтінен: Біз қол соғамыз, Қол соғамыз. Аяқпен еденді топылдатамыз. Тіземізді соққылаймыз. Қолымызды көтереміз. Қолдарымыз айналады, Төмен түседі. Айналады, айналады. Тоқтайды.	түспен белгілейміз. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз З – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. Күз сөзінің дыбыстық талдауы. Күз – 1 буын, 3 дыбыс бар. К – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. Ү – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. З – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. Күз сөзінде бір дауысты дыбыс, екі дауыссыз дыбыс бар.	тақап тұрамыз. Білу: демонстрациялық материалмен жұмыс - Қай ағаштың ең биік екенін қалай анықтауға болады? Ең төмен? Көз арқылы анықтау, балалар қайың - ең биік ағаш деп атайды. Мүмкін біз қателескен болармыз? Қалай тексереміз? Біз қандай шартты өлшемді аламыз? Жолақ - таяқшаны ұсынады. Қай ағаштың биік екенін салыстыру үшін, балалармен бірге осындай таяқтарды бүкіл биіктікте орналастырады. Балалар әр ағаштың астына саны бар карточка қояды. Балалар ең көп санды табады. Осы ағаш ең биік болады. Енді ең төмен ағашты табыңыз. Математикалық поэзия сәтінен: Біз қол соғамыз, Қол соғамыз. Аяқпен еденді топылдатамыз. Тіземізді соққылаймыз. Қолымызды көтереміз. Қолдарымыз айналады, Төмен түседі. Айналады, айналады. Тоқтайды.	- Балалар, кімнің бойы биік, кімнің бойы аласа, кімнің бойы бірдей екенін қалай білесіңдер? Топтың жартысына жұптасып тұруды ұсынады. Топтың екінші жартысы жұптарды салыстырады; одан кейін балалар орын алмастырады. Сұрақтарға жауап береді, бір-бірімізге жақын немесе бір-бірімізге арқамызды тақап тұрамыз. Білу: демонстрациялық материалмен жұмыс - Қай ағаштың ең биік екенін қалай анықтауға болады? Ең төмен? Көз арқылы анықтау, балалар қайың - ең биік ағаш деп атайды. Мүмкін біз қателескен болармыз? Қалай тексереміз? Біз қандай шартты өлшемді аламыз? Жолақ - таяқшаны ұсынады. Қай ағаштың биік екенін салыстыру үшін, балалармен бірге осындай таяқтарды бүкіл биіктікте орналастырады. Балалар әр ағаштың астына саны бар карточка қояды. Балалар ең көп санды табады. Осы ағаш ең биік болады. Енді ең төмен ағашты табыңыз. Математикалық поэзия сәтінен: Біз қол соғамыз, Қол соғамыз. Аяқпен еденді топылдатамыз. Тіземізді соққылаймыз. Қолымызды көтереміз.	дыбыстарды айтамын, сендер алақандарыңды біріктіріп, кесе жасап дыбыстарды жинап отырыңдар. Дыбыстар қалай айтылды, солай жиналуы керек, олардың орнын ауыстыруға бір дыбысты түсіріп алуға болмайды. Сендер сөзді дұрыс жинасаңдар, сол сөздің суреті тақтадан ашылады. Мысалы: - «к.ү.й.», - «б.ү.р.», - «ә.н.ш.і.», - «м.а.л.», - «ж.е.л.», - «б.а.қ.а.», - «б.а.л.а.п.а.н.», - «с.ә.б.і.з.», - «а.л.м.а.», - «а.р.б.а.», - «ж.ү.р.е.к.», - «д.ә.р.і.». Білу: Дыбыстық талдау жаса. <i>тағасөзіне</i> дыбыстық талдау жасауға, буынға бөлуге тапсырма береді. Бір баланы тақтада жұмыс жасауға шақырады.. Балалар алдымен таға сөзін анықтап айтайық. Сөзде неше буын бар? Неше дыбыстан тұрады? <i>Таға сөзінде 2 буын, 4 дыбыс.</i> Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Ғ – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Сөзді қолды шапалақтап, буынға бөледі. тырма сөзінің сызбасын іледі.
--	---	--	---	---	--

				Қолдарымыз айналады, Төмен түседі. Айналады, айналады. Токтайды.	Тырма сөзінде 2 буын, 6 дыбыс бар. Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. Ы – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Р – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. М – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Саусақ жаттығуы : Айдын шалқар көлдерде Балықтар өмір сүреді. Шолпылдатып құйрығын Әрі-бері жүзеді.
--	--	--	--	---	--

1 үзіліс


Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

Қозғалмалы ойын: «Торғайлар мен мысық»

Басты мақсат: Қозғалмалы ойындар сабақтарында меңгертілетін теориялық мәліметтер мен техника қауіпсіздігі ережелерін хабардар ету. Қозғалмалы ойындарды ойнату арқылы төзімділік, балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

		Ойын: «Торғайлар мен мысық» Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. Шарты: Жерді шеңбермен белгілеу керек /5-6м.диаметрмен/. Ортада тәрбиешімен тағайындалған бала жүреді – ол мысық. Қалған балалар шеңбердің сыртында- олар торғайлар. Мысық ұйықтап қалады. Торғайлар шеңбердің ішіне дән жеуге кіреді. Мысық оянып кетеді де, торғайларды көріп, оларды ұстай бастайды. Торғайлар шеңберден шығуға асығады. Шеңбердің ішінен мысыққа ұсталған торғайлар, шеңбердің ортасында
--	---	---

		қалады. Мысық 2-3 торғайды ұстаған соң, тәрбиеші жаңа мысықты таңдайды. Ұсталған торғайлар басқа ойынаушыларға қосылады. Ойын 4-5 рет қайталанады. Ұсыныс: мысық ақырын барыпторғайларды ұстайды (қатты ұстамай, ақырын ғана қолын тигізеді)
---	---	---

2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

	2.Сөйлеуді дамыту-танымдық,коммуникативтік әрекет Тақырыбы: «Күшік пен мысық»ертегісі. ҮІӨ мақсаты: Сөздерді буынға бөлуге үйрету, дауыс ырғағын, дауыс көркемділігін дамыту.Көркем шығармаларды сахналауға үйрету. Дағды: Балаларды ертегіні рөлдерге бөліп сахналату арқылы әртістік қабілеттерін дамыту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: ертегіні сахналап, ертегі кейіпкерлерін буынға бөледі; Түсінеді: ертегі мазмұнын, бір буында бір дауысты дыбыс болатынын; Қолданады: дауыс ырғағын келтіріп жүрістерін салады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну,қолдану. Білу: -Балалар, сендер ненің суретін көріп отырсыңдар? -Күшіктің анасын қалай атаймыз?	2.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Орман. ҮІӨ мақсаты: Қылқанжапырақты ағаштар мен қарағай ормандарын мекендейтін жануарлар арасындағы байланыстар туралы түсінік қалыптастыру. Дағды: Туған табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, оның сұлулығын қабылдап, терең түйсінуге, жануарлар мен өсімдікке қамқорлықпен қарай білуге дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: орманды мекендейтін бірнеше жануарды атап береді. Түсінеді:жануарлардың орманда орналасу қағидасын; өсімдіктер мен жануарлар әлемінің тіршілік ететін ормане байланысын. Қолданады:өз бетінше жұмыс істеу қабілеті, үлгілеу қабілеті. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: өлеңнің көмегімен алдағы сабаққа қолайлы эмоционалдық көңіл күй қалыптастырады. Өлеңде қай жыл мезгілі туралы сөз	2. Көркем әдебиет-коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Әз, Наурызым, армысың. (өлеңді жаттау) ОразақынАсқар ҮІӨ мақсаты: Ұлттар мен ұлыстардың салт-дәстүрі, мәдениеті, ауыз әдебиеті шығармалары туралы түсінік беру. Өлең әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Дағды: Өлеңді тірек-сызба бойынша мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттату. Сюжеттік бірізділікті сақтау, эмоциялық көңіл күймен жатқа айтуға үйрету. Әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары, табиғат туралы түсінігін, ұлттық дәстүрге деген қызығушылығын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің авторын,тақырыбын,мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді; Түсінеді: салт-дәстүр,	2.Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Наурыз – көктем мерекесі. ҮІӨ мақсаты: Наурыз мерекесі туралы түсінік беру.Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Дағды: Грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: жұмбақ айтысқа , жұмбақ айтыспен жауап береді, өз ойларыннан шығармашылық әңгіме құрайды ; Түсінеді:қазақтың салт-дәстүрлерін, қамшының сабы тобылғы ағашы екенін; Қолданады:көп сөздің жалпылау сөзін, зерек бала атануға тырысады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну,қолдану. Білу: Миға шабуыл: Жұмбақ шешу. Бір ауызды бұйым бар, Тіктөртбұрыш пішінде. Затыңды аман сақтайды, Салып қойсаң ішіне. Көлемі болар әртүрлі,	2. Көркем әдебиет-коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Үш қыз .(татар халық ертегісі) ҮІӨ мақсаты: Ана ұғымы туралы түсініктерін кеңейту. Ертегінің мазмұнымен, кейіпкерлермен таныстыру. Ертегіні қоғамдық өмір оқиғаларымен байланыстырып мазмұндау. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту. Дағды: Ертегі мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдауға, баяндауға баулу. Ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдануға дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ертегінің тақырыбын біледі, мазмұнын сақтай отырып айтып бере алады; Түсінеді: ертегінің мазмұнын түсінеді, кейіпкерлерді ажыратады; Қолданады: ертегінің мазмұнын бейнелеуіш сөздер
--	--	---	--	---	---

	-«Ит» деген сөз неше буыннан тұрады? -Балалар, дауысты дыбыс жеке бір буынды құрайды. -Ал мысықтың баласын «марғау» деп айтамыз? -Енді осы күшік пен мысыққа ат қойындаршы. -«Ақтөс» пен «мамық» сөздері неше буыннан тұрады? Түсіну: Қазір «Күшік пен Мысық» ертегісін мәнерлеп оқып беремін. «Күшік пен Мысық» -Қарны ашқан Күшік, тауда қаңғып жүріп Қасқырға кездеседі. -Ей, күшік, мен сені жеймін, – дейді Қасқыр. -Қой, жеме, мені әуелі тойдыр, сонан соң жейсің, – дейді Күшік. -Жарайды, жүр, соңымнан қалмай жүре бер, – дейді Қасқыр. Екеуі бір топ Сиырдыкөреді. -Күшік, менің көздерім, құлақтарым, құйрығым қандай? – дейді Қасқыр. Қасқыр: -Енді маған қара, – деп бір Бұзаудың тамағына жабысып өлтіріп, Күшікті де тойғызады,өзі де тояды. -Күшік, енді сені жемеймін. Сау бол! – деп кетіп қалады. Іші пысқан Күшік Мысыққа кездеседі. -Мысық, мен сені жеймін, – дейді. -Мені тойдыр, күшік. Жарайды, менімен бірге жүр, – дейді Күшік. Екеуі бір топ Түйені көреді.	болып отырғанын, оның қандай сезімге бөлейтінін талқылауға шақырады. С.Сейфуллиннің «Орман» өлеңін тыңдайды. Аппақ қайың, қарағай Қосылыпты табысып. Сұлу терек, жасыл желек Құшақтасып қабысып, Қарағайым, жұпар майың Жібек жолмен аңқиды. Білу: Күнтізбеде бүгінгі ауа райын белгілеуге шақырады. Балаларға орманға серуендеп қайту туралы ұсыныс жасайды. Орманның суретін мұқият қарап шығып, сұрақтарға жауап бер. Суретте не бейнеленген? Ең биік ағаштарды ата (қарағай, шырша). Суретші мұнда қандай бұталардың суретін салыпты? (Бөртегүл). Суретте шөп бар ма? Орманда нелер мекендейді? Балалар суреттерді қарап шығады. Орманды қандай жануарлар мекендейтінін, онда қандай ағаштар өсетінін айтады. Суретте қайсы ағаштың биік, қайсысының аласа екенін, орманда қандай бұталар өсетінін анықтайды. Ормандағы өсімдіктерді көп қабатты үйдің қабаттарымен салыстыруға болады деген тұжырым жасайды. Орман қабаттарын айтады. Жануарлардың көпшілігі төменгі қабаттарды тұрады. Жерде жауынкұрттар мен түрлі қоңыздар тұрады. Көртышқандар жер астын мекен етеді. Қолдану: «Қайсысы қайда тұрады?» ойынын ойнауға шақыр. Қарындашты пайдаланып, жануарды тұратын үйімен қос. Кітаптардың,	мәдениет туралы түсінеді; Қолданады: өлеңді мәнерлеп жатқа айтып бере алады, Наурыз мерекесі туралы әңгімелейді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: Балалар, барша адамның көптен күтетін жыл мезгілі – көктем де келеді. Көктемде Жер-ана, табиғат – барлығы ерекше әдемі болып кетеді. Көктемде ең тамаша ұлттық мерекелердің бірі – Наурыз мерекесін тойлаймыз. Наурыз мерекесінің басқа мерекеден ерекшелігі неде деп ойлайсындар? Қазақ халқының ұлттық мерекесі – Наурыз – Ұлыстың ұлы күні деп аталады. Бүгін біз Оразақын Асқар ағамыздың «Әз Наурызым, армысың» өлеңімен танысамыз. Әдеби жанрдың бір түрі өлең екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді Өніп еккен дәніміз, Бүршік жарды бағымыз. Сәскеде жаз, түнде қыс Секілді екен Наурыз. Білу: Сөздік жұмыс: Сәске – түс мезгілі. <i>Секілді</i> – ұқсайды деген мағынаны білдіреді. <i>Төлдеп жатыр</i> малымыз – көктемде малдар төлдейді. <i>Сары уыз</i> – жаңа бұзаулаған	Орташа, үлкен, кіші де. Оюлар зерлеп жасалған, Қызығасың түсіне. Айтындаршы, бұл не зат, Көрпе жинайтын үстіне? Ой, балалар, жұмбақты жақсы шешеді екенсіңдер. Сол үшін сендерге Наурыз мерекесі туралы айтып берейін: Наурыз шығыс күнтізбесінде Жаңа жыл басы деп саналады. Наурыздың 21-інен 22-сіне қараған түні күн мен түн теңеледі. Наурыз – жақсының жаршысы, ынтымақтың белгісі, халық қастерлейтін, бірігіп тойлайтын күн. Түсіну: Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата». Ойын шарты: Сұраққа жедел жауап беру көзделеді. Педагог көп сөз айтады да, қолындағы добын кез келген балаға лақтырады. Допты қағып алған бала, сол айтылған көп сөздердің бір сөзбен қалай аталатындығын айтып допты кері педагогке лақтырады. Өрік, шие, алмұрт – ... Түлкі, қоян, қасқыр – ... Шай, май, тұз – ... Бет, мұрын, аяқ – ... Қауын, қарбыз, сәбіз – ... Қолдану: Ал енді өздерің отбастарыңда бұл тойды қалай өткізесіңдер, соны айтып беріңдер. Сендер мерекеде	арқылы оқиға желісін сақтап, шығармашылықпен айтады, жұмбақтың шешуін айта алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: Ана – ең аяулы жан. Анамызды сыйлап, айтқанын орындап, ренжітпей жүруіміз керек. Анамыз ауырып қалса, дәрі-дәрмек беріп, күтіп, қарауымыз керек. «Үш қыз» ертегісімен танысамыз. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі екенін түсіндіру. Сөздік жұмыс: <i>Аяулы жан</i> – өмірдегі ең жақын, ең қымбат деген мағынада. <i>Қайырымдылық</i> – қиын кезде көмек көрсету. Білу: Сұрақ-жауап: Анасы тиінді жұмсап, қыздарын не үшін шақырды? Тиін үлкен қызды неге айналдырды? Не үшін? Тиін ортаншы қызды неге айналдырды? Не үшін? Тиін кіші қызды неге айналдырды? Не үшін? Қай қыздың әрекеті ұнады? Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық, Қарлығаш боп ұшайық. Бір отырып, бір тұрып, Жақсы сергіп қалайық. Қолдану: Мақалдың мағынасын түсініп ал: «Ана алдында – құрмет, Ата алдында – қызмет».
--	---	---	--	---	--

	-Мысық, маған қара, құлағым, көзім, құйрығым қандай? Көзің бозарып, құлағың салпиып, тілің салақтап тұр. Күшік: -Қара маған, не қыларымды? – деп Түйенің тірсегіне жабыса кетеді. Түйе қак маңдайданбір тебеді. Күшік сол арада ұшып түседі. Сонда Мысық: -Әй, мақтаншақ, әліңе қара, сен Қасқыр бола алмайсың, – дейді Қолдану: Дидактикалық ойын: «Ертегі кейіпкерлерін тауып жүрісін сал». Ойын шарты: Ертегі кейіпкерлерінің жүрісін салады	энциклопедиялар мен ересектердің көмегімен қылқанжапырақты орманды нелер мекендейтінін анықтап біл. Анықтайды: Аю қайда тұрады? Апанда тұрады. Қасқыр қайда тұрады? Інде, апанда. Сергіту сәті: Орманның біз емшісіміз Тоқ, тоқ, тоқ (<i>Партаны үш рет ұрады</i>). Құрт біткенді жоқ етеміз. Жоқ, жоқ, жоқ, (<i>Қимылмен көрсетеді</i>). Тоқ, тоқ, тоқ, Жоқ, жоқ, жоқ.	сиырдың сүті. Қолдану: Дәптермен жұмыс: Суреттен не көріп тұрсындар? Қай мезгіл деп ойлайсың? Балалардың көңіл күйлері қандай? Наурызкөжеге қосатын дәндерді атайық. Наурыз мерекесі туралы не білесің? Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар Үп-үлкен боп өседі.	наурызкөже пісіресіндер ме? Оны кім пісіреді? Оған не қосады?
--	---	--	--	---


2 үзіліс

Балалардың дербес іс-әрекеті


Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары

Басты мақсат: қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету.

Сөйлеуді дамытуға арналған логопедиялық жаттығулар. Артикуляциялық гимнастика - логопедиялық қыздыру - логотип жаттығулары - бұл арнайы жаттығулар артикуляциялық аппараттың қозғалғыштығын жақсартады. Гимнастика сөйлеуді анық айтуға көмектеседі, ал бала өзін мәжбүрлеп жатқанын сезбеуі керек. Әр мүмкіндікте жаттығуларды қайталаңыз. Сондай-ақ тыныс алу жаттығуларын бастау керек. Тыныс алу жаттығуларын ойын стилінде орындауға болады. Міне, сіздің балаңызға ұнайтын және өте пайдалы болатын кейбір танымал жаттығулар: 1. «Сабын көпіршігін үрле». Жуынатын бөлмеде үрлеп ойнауға болады сабын көбіктері алақан арасында, немесе көшеде,		Ойын: «Қасқырлар мен лақтар» Ойын мақсаты: Қозғалмалы ойындарды ойнату арқылы төзімділік, жинақтылық, ептілік, шапшаңдылық сынды қимыл сапаларын дамыту. Дағды: Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалу беруге дағдыландыру. Ойын шарты: Алдымен ұзындығы 50 м және ені 20 м болатындай ойын алаңы белгіленеді. Ойын алдында алаңда «лақтар» мен «қожайын» орналасатын «ауыл» белгіленеді. Алаңның басқа жағында дәл солай «жайылым» тағайындалады. Өрістің ортасында «қасқырдың апаны» болады. Содан кейін үш «қасқыр» мен «қожайын» таңдалады. Барлық басқа балалар – лақтар. Қожайын лақтарды ауылға апарды, ал қасқырлар өз апанына барады. Қожайын айтады: «Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке лақ
---	---	---

